

Ақкөл ауданы бойынша 2025 жылға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшерін бекіту туралы

Күшін жойған

Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2025 жылғы 31 қазандағы № С 48-1 шешімі. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 2026 жылғы 18 мамырдағы № С 59-10

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Ақкөл аудандық мәслихатының 18.05.2026 № С 59-10 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

Қазақстан Республикасының "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 10-3-бабының 1-тармағына сәйкес, Ақкөл аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Ақкөл ауданы бойынша 2025 жылға кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері айына пайдалы алаңның 1 шаршы метріне 23,81 теңге болып бекітілсін.

2. Осы шешім оның алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ақкөл аудандық мәслихатының төрағасы

С.Абаханов